

Ақкөл аудандық мәслихатының кейбір шешімдерін күші жойылған деп тану туралы

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 1 шілдедегі № С 48-9 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл аудандық мәслихаты сессияларының келесі шешімдері күші жойылған деп т а н ы л с ы н :

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 ақпандағы № С 44-1 «Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендеріне 2015 жылы жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4707 тіркелген және 2015 жылғы 3 сәуірде аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газеттерінде жарияланған) шешімі;

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 қарашадағы № С 10-2 «Ақкөл аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № С 43 – 3 «Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3516 тіркелген және 2012 жылғы 14 желтоқсанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газеттерінде жарияланған) шешімі;

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № С 32-3 «Ақкөл аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № С 43 – 3 «Ақкөл ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережелерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4113 тіркелген және 2014 жылғы 2 мамырда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газеттерінде жарияланған) шешімі;

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № С 45-8 «Ақкөл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орындарын анықтау туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-3-168 тіркелген және 2012 жылғы 17 ақпанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины KZ» газеттерінде жарияланған) шешімі;

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № С 40-1 «Ақкөл аудандық мәслихатының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № С 45-8 «Ақкөл ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу орындарын анықтау туралы» шешіміне өзгертулер енгізу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4391 тіркелген және 2014 жылғы 9 қазанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КZ» газеттерінде жарияланған) шешімі;

- Ақкөл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 14 қарашадағы № С 41-4 «Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 4511 тіркелген және 2014 жылғы 12 желтоқсанда аудандық «Ақкөл өмірі» және «Знамя Родины КZ» газеттерінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

<i>сессиясының төрайымы</i>	<i>Ақкөл аудандық мәслихат</i> <i>Н.Калашникова</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Ақкөл аудандық</i> <i>Ж.Салыбекова</i>